

Салық төлемдерінің есебіне мұнай өнімдерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 желтоқсан N 1464

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін жанар-жағар май материалдарымен уақтылы қамтамасыз ету және республикалық бюджетке төлемдер бойынша берешекті қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен, Павлодар мен Маңғыстау облыстарының әкімдерімен келісілген қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мұқтаждары үшін мұнай өнімдерін 1996 жылғы қараша-желтоқсан айларында "Павлодар мұнай өңдеу зауыты" мен "Қаражамбасмұнай" акционерлік қоғамдарының республика бюджетке салық төлемдерінің есебіне беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Мемлекеттік салық комитеті: мұнай өнімдері берудің мүмкіндігіне қарай республикалық бюджетке акционерлік қоғамдардың, қосымшада аталған республикалық бюджетке жалпы сомасы 700 (жеті жүз) млн. теңге берешегіне есептеме жүргізсін;

аталған соманы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мекемелерін қаржыландыру есебіне оны республика бюджетінің кірісі мен шығысы бөліктерінде көрсете отырып есептесін;

"Қаражамбасмұнай" акционерлік қоғамы қосымшаға сәйкес "Павлодар мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамына 1996 жылғы қараша-желтоқсанда мұнай өнімдерін өндіруге қажетті көлемде өңделмеген мұнаймен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі мен Қаржы

министрлігінің осы қаулының қосымшасында аталған 1996 жылғы қараша-желтоқсан айларындағы республикалық бюджетке мерзімін өткізіп алған төлемдері үшін "Павлодар мұнай өңдеу зауыты" мен "Қаражамбасмұнай" акционерлік қоғамдарына айыппұл санкцияларын қолданбау туралы ұсынысына келісім берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 2 желтоқсандағы
N 1464 қаулысына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мұқтаждары үшін "Павлодар мұнай өңдеу зауыты" және "Қаражамбасмұнай" акционерлік қоғамдарының 1996 жылғы қараша-желтоқсанда "Қаражамбасмұнай" АҚ-ның өз өндірісі бойынша республикалық бюджетке салық төлемдерінің есебіне мұнай өнімдерін
 БЕРУ

Мұнай өнімдерінің түрі мен маркасы	"Павлодар МӨЗ" АҚ	
	мөлшері	құны, мың
	тонна	теңге
1	2	3
А-76 автомобиль бензині	6450	87075
"3" дизель отыны	5850	63685,4
ТС-1 авиация керосині	16750	184250
М-100 мазуты	-	-
Тұтынушының қоймасына жеткізілген мұнай өнімдері бойынша берушілердің есебінен төленетін көлік шығыны		14989,6
Жиыны		350000
Республикалық бюджетке салық төлемдері бойынша есепке қабылданатын берешек		
барлығы		350000
оның ішінде:		
акциздер		350000
қосылған құнға салынатын салық		-
заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы		-
"Павлодар МӨЗ" АҚ "Қаражамбасмұнай АҚ" есебінен		
мөлшері, тонна	құны, мың теңге	

4		5
7200		97200
13127		142906
3000		33000
13000		58735
		18159
		350000
		350000
		250000
		100000